

**Мәдени жалпы білім
беретін мектебінің
2024-2025 оқу жылына арналған
өндірістік іс-жоспары**

№01-05

Сақталуы : тұрақты

**Түркістан облысы
Төлеби ауданына қарасты Мәдени
жалпы білім беретін мектебінің
2024 жылғы 31 тамызындағы
мұғалімдер кеңесінің
№1 хаттамасымен бекітілді**

**Мектеп директоры:
Хатшы:**

**С. Стамқұлов.
А.Омарова .**

**Мәдени жалпы білім мектебінің 2024-2025 оқу жылындағы
жұмыс істейтін педагогикалық тақырыбы:
«Халықтық педагогиканы оқу-тәрбие жұмысында жүйелі
қолдана отырып, жаңаша оқытудың тиімді әдістерін
пайдалану арқылы білім деңгейін көтеру»**

Жоспар

1- бөлім. Мектептің өткен оқу жылындағы жұмысына талдау

2-бөлім. Жаңа оқу жылының мақсаттар мен міндеттері.

**3-бөлім. Мақсат пен міндеттерді жүзеге асырудағы педагогикалық
ұжымның іс-әрекеті.**

3.1 бағыт. Қазақстан Республикасында білім беруге байланысты саясатты жүзеге асыру.

3.1.1. Тілдерді дамыту.

3.1.2. "Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі"

3.1.3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.

3.2-бағыт . Үздіксіз білім беру.

3.2.1. Жалпыға міндетті білім беруді жүзеге асыру.

3.2.2. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

3.2.3 . Дарынды балалармен жұмыс

3.2.4. Бастауыш және негізгі мектепті бітіруші оқушыларды қорытынды тестке дайындау

3.2.5. Оқушыларды қорытынды тестке дайындау

3.2.6. Салауатты өмір салтын қалыптастыру.

3.3.- бағыт. Педагогикалық мамандармен жұмыс

3.3.1. Әдістемелік жұмыс жоспары.

3.3.2. Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспары.

3.3.3. Жас мамандармен жұмыс.

3.3.4. Педагог-психологтың жұмыс жоспары.

3.3.5. Педагог-ұйымдастырушының жұмыс жоспары.

3.3.6. Әлеуметтік-педагогтың жұмыс жоспары.

3.3.7. Тәлімгердің жұмыс жоспары.

3.3.8. Кітапханашының жұмыс жоспары.

3.3.9. Бейіндік оқыту орынбасарының жұмыс жоспары

3.3.10. Қосымша ұйымдастырушының жұмыс жоспары

3.3.11. Әскери жетекшінің жұмыс жоспары.

3.3.12. Педагогикалық кадрлармен жұмыс .

3.4.- бағыт. Мектептің ата-аналар және қоғамдық ұйымдарымен жұмысы.

3.4.1. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары.

3.5-бағыт. Мектепшілік басшылық, бақылау-бағалау.

3.5.1. Педагогикалық кеңес отырысының жұмыс жоспары.

3.5.2. Директор жанындағы кеңес отырысының жоспары.

3.5.2. Мектеп басшыларының міндетін өзара бөлісу.

3.6-бағыт. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту.

2.Мәдени жалпы орта білім беретін мектебі педагогикалық ұжымының 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы

Қазақстандық білім беру жүйесі жаңа заман талабына сай жаңаруда. Біздің өміріміздің кез келген саласындағы сапалы өзгерістер, әсіресе білім беру саласындағы өзгерістер мұғалімнің оқыту үрдісіндегі алатын орны мен рөліне жаңаша көзқарасын қалыптастырусыз жүзеге асуы мүмкін емес. Дана халқымыз «Ой өзгермей, адам өзгермейді» дегендей, орта білім беру мазмұнын жаңарту бағытында енгізіліп отырған жаңа мақсаттар мен міндеттерді, жаңа технологияларды, құзыреттілікке бағытталған бағалаудың жаңа формаларын алдымен мұғалімнің өзі жан-жақты игермейінше, сапалы білімге қол жеткізе алмаймыз. Сондықтан кез-келген педагог оқыту үрдісін бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз етудегі өзгерістерді, педагогикалық қызметтің мақсаттары мен әдіс-тәсілдері бағытындағы тың өзгерістерді қабылдауға, игеруге, ізденуге дайын болуы қажет.

Оқу-ағарту министрі Ұлттық платформа негізіндегі аттестаттау процесі автоматтандырылғанын атап өтті. Сондай-ақ педагогика және оқыту әдістері бойынша тестілеу алынып тасталды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасы әзірленуде. Орта білім мазмұнын одан әрі жетілдіру жұмыстары жалғасуда. Алғаш рет ауылдық және шағын жинақты мектептерді қолдау жұмыстары қолға алынды. Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру аясында инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар осы жылдың 1 қыркүйегінен бастап барлық білім беру ұйымдарында ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталықтары жұмыс істей бастайды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Балалар кітапханасы» жобасы қолға алынып, оның аясында мектеп кітапханаларының қорын отандық және әлемдік әдебиеттің үздік туындыларымен толықтыру жоспарлануда. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету айрықша назарға алынды. Балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдарының 90%-ы ішкі істер органдарының жедел басқару орталықтарына қосылды, лицензияланған күзетпен қамтамасыз етілді және дабыл түймелерімен жабдықталды. Сондай-ақ, тағы бір маңызды шаралардың бірі - жаңа оқу жылында 1,5 миллионға жуық бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету қолға алынды.

2022-2023 оқу жылында мектеп ұжымы **«Халықтық педагогиканы оқу-тәрбие жұмысында жүйелі қолдана отырып, жаңаша оқытудың тиімді әдістерін пайдалану арқылы білім деңгейін көтеру»** тақырыбы бойынша жұмыс атқарды.

Мектептің міндет, мақсаттары:

1. Мемлекеттік білім стандартына сәйкес пәндер бойынша бағдарламаның орындалуына басшылық жасап, оқушылардың білім сапасының деңгейін үнемі назарда ұстау.
2. Жаңартылған оқыту бағдарламасындағы 7 модулін оқу-тәрбие үрдісіне енгізу. Мұғалімдердің шығармашылық жұмысын жетілдіру, озық тәжірбиелерді пайдалану аясын кеңейту.
3. Оқушылардың білім деңгейін, даму қабілетін арттыруды жалғастыру.

4. Талантты және дарынды оқушылармен жұмысты жаңа сатыға көтеру, оқушылардың ғылыми жұмыстарын жүйелеу, қашықтық олимпиадаларға оқушылар мен ұстаздарды қатыстырып, білім сапасын көтеруге ықпал жасау.
5. Әр оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу, олардың бойында іскерлік, білімділік дағдыларымен қатар туған елін, жерін және әдеп-ғұрпын қастерлейтін мәдени-парасаттық сезімдерін ояту.
6. Баланың шығармашылық қабілетін барлық сала бойынша дамыту.
7. Оқу - әдістемелік жұмыс арқылы білім беру үрдісін шыңдау, білім беруді дамыту стратегияларын өңдеу, бағалау және оқытумен қамтамасыз ету.
8. Мұғалімдердің ғылыми-ақпарат, ғылыми-әдістемелік материалдар алуына бағыт-бағдар беру, қадағалау, талдау.
9. Мектептің материалдық техникалық базасын нығайту

Мектеп типті, 300 орынға арналған. Мектепте 34 сынып-кабинеттері бар Оның ішінде интерактивті тақтамен , зертханалық құрал-жабдықтармен жабдықталған 2 кабинет бар. Тек интерактивті тақтамен жабдықталған 5 кабинет бар.Демеушілер есебінен алынған 1 проектор бар. Мультимедиялық кабинеті жоқ. Компьютерлік кабинет саны-1. Оқу кабинеттері -26, шеберхана -2, кітапхана-1, акт залы-1, асхана-1, медицина кабинеттері-2, АКТ саны -33. Дайындық сыныптар - 1,оқушы саны - 25 . Сыныптардың орта толымдылығы - 20. Оқушыларды тасымалдау жоқ.

- Барлық оқушы саны-317/25;
- даярлық тобын 25 бала бітірді;
- Мектеп 2009 жылы салынған;
- жалпы алаңы- 5333 м²
- жұмыс алаңы –2447 м²
- Кітапхана алаңы-36 м²

Ұжымда 43/1 мұғалім жан-жақты сапалы білім халықтық педагогика негізінде тәлім- тәрбие береді, олардың 13-і - педагог-зерттеушілер, 4-і - педагог-сарапшылар,15-і - педагог-модераторлар, 1-і - 2-санаттылар, қалғандары -түрлі разрядтағылар.

- жоғары білімділері -43/1,
- арнаулы орта білімділері - жоқ;
- педагог-зерттеушілер -13
- педагог-сарапшылар - 4
- педагог-модераторлар - 15
- 2- санатты - 1
- санатсыз - 9

Білімі

Білімі	Педагогтар саны	% көрсеткіші жалпы санынан
Жоғары соның ішінде педагогикалық	42/1	100 %
Орта арнаулы соның ішінде педагогикалық	-	-

Біліктілік санаты бойынша

Барлық педагогтар	42/1	100 %
Педагог зерттеушілер	13	30,2%
Педагог сарапшылар	4	9,3%
Педагог модераторлар	15	34,8 %
Екінші санатты	1	2,3%
Педагогтар	9	20,9 %

Жұмыс өтілі

1ж.-3ж. дейін	7	16,2%
3ж.-7ж. дейін	4	9,3%
7ж.-11ж. дейін	2	4,6%
11ж.-17ж. дейін	3	6,9%
17ж.-20ж. дейін	3	6,9%
20ж жоғары	24	55,8%

Жыл басында құрылған перспективалық жоспарға жүгіне отырып АББ ұсынған курстарына мүмкіншілігінше ұстаздарды қатыстыруға атсалыстық. Нәтижесінде 2023 – 2024 оқу жылында ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығында және «Өрлеу» біліктілік арттыру институтында мұғалімдер оқып, жаңартылған оқыту бағдарламасы бойынша сертификат алып шықты. Үш тілдік оқыту курсына барған мұғалімдер жоқ..

Мектеп ұстаздары өмір талабына сай өз тәжірибелеріне жаңартылған бағдарламасының негіздерін қолданып енгізуде. Сертификатталған ұстаздар тәлімгерлік жұмысын жүйелеп жүргізуге дағдыланған. Мектепте жыл басында желілік қоғамдастық ұйымдастырылып, мұғалімдер үш топқа бөлінген, әр топқа бір тәжірибелі ұстаз бекітілген, олар сертификатталған ұстаздар мен шығармашыл ұстаздар.

Шығармашылық тобы отырысының жоспары түзіліп, жыл басында мектеп директорымен бекітілген. Жыл бойы бес отырыс жоспарланып, барлығы уақытылы жоспарға сай өткізілді.

Жыл бойы мектепте жаңартылған оқыту бағдарламасының негіздерін насихаттау мен тиімді енгізу жолдарын қарастыра отырып, өз ара тәжірибе алмасу мақсатында ашық сабақтар және коучингтер өткізілді. Сабақтарды бірінші сертификатталған мұғалімдер шебер – сабақтар, коучингтер өткізсе, екінші жартыжылдықта әдістемелік бірлестіктер бойынша жаппай барлық мұғалімдер сабақ берді. Ұстаздар енген сабағына бағалау парағы арқылы өз ұсыныстары мен пікірлерін білдіріп отырды. Сабақтар соңында сабақ берген мұғалімдер мен қатысушы мұғалімдер біріктіріліп, талдау жүйелі түрде жасалып тұрды.

Мұғалімдерді күнделікті ізденіс үстінде жүруге жетелейді, нәтижесінде оқушылардың оқуға деген ынталары көтеріліп, нығая түсері анық.

«Оқыту үдерісінде формативті бағалауды қолдану арқылы жаңартылған оқыту бағдарламасының негіздерін тиімді енгізу» атты мектепшілік семинар жасалды.

Жылдық қорытындыға талдау

1-тоқсан ҚГБ – 58%; ЖМБ – 59%; озат -45/26%; екпінді-74/42%; білім сапасы-58%;

2-тоқсан ҚГБ - 66%; ЖМБ-71%; озат-39/22%; екпінді-70/40,%;білім сапасы-68,5%;

3-тоқсан ҚГБ- 68,3%; ЖМБ – 68,3%; озат – 41/21%; екпінді – 75/39%; білім сапасы – 68,3%;

4-тоқсан ҚГМ – 57,6%; ЖМБ – 58,6%; озат – 44/23%; екпінді – 71/37%; білім сапасы - 58%

Білім сапасын арттыру жолдары- оқушыларды сапалы оқыту және өз бетінше білім алуға үйрету. Білімнің сапалы болуы ұстаздан, сондықтан алдымен өз білімімізді жетілдіру қажет. Жаңа әдістер тауып сабақты өту,өзін кәсіби шыңдау, ізденімпаз, шығармашыл болу керек. Ол үшін сабақта көрнекі құралдарды кеңінен пайдалану; сабақты түрлендіріп өту, сабақта оқушылар өздері салған суреттер немесе схемалар пайдалану, оқушылардың дарындылығын ашу керек.Шешу жолдары мен ұсыныстар: жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасын меңгеру,оны практикада қолдану,оқу-материалдық базасын жақсарту,АКТ қолдану,мұғалімнің әдістемелік шеберлігін көтеру,мектеп басшылар тарапынан қадағалау және үйрету жұмыстарын жүргізу, оқушылардың белсенділігін және қызығушылығын арттыру, оқушыға бағыт-бағдарды дұрыс беру, әр оқушының білім деңгейін ескеру.

Оқу-әдістемелік жұмыстың мазмұны мен ұйымдастырылуы

№	Семинарлардың тақырыбы	Қатысатын мұғалімдер	Мерзімі	Жауапты
1	Күнтізбелік-тақырыптық жоспарын, ҚМЖ,ОМЖ, ҰМЖ жасау жолдары	Пән Мұғалімдер	Қыркүйек	Т.Абдраймов
3	Күнделікті сабақ жоспарын жазу әдістері BilimLand платформасымен жұмыс жүргізу.	Пән мұғалімдері	Қыркүйек	С.Стамкулов Т.Абдраймов
4	Электронды журналды жүргізу тәртібі	Барлық мұғалімдер	Қыркүйек	Т.Абдраймов
5	Формативті бағалауды жүргізу	Барлық мұғалімдер	Қазан	Т.Абдраймов

6	Оқушыларды қорытынды бағалау жұмыстарын талдау	Пән мұғалімдері	Қазан	С.Стамкулов
7	Аудандың семинарларға қатысу	Пән мұғалімдері	Жыл бойы	Пән мұғалімдері
8	Сынып жетекшісінің бала тәрбиесіндегі ролі	Сынып жетекшілер	Желтоқсан	Д.Усенбекова
9	АКТ пайдалану маңызы	Пән мұғалімдері	Қараша	Л.Назар
10	Мектеп бітіруші түлектердің қорытынды бағалаудың нәтижесі	Пән мұғалімдері	Жыл бойы	Т.Абдраймов
11	Емтиханға дайындау жолдары	Пән мұғалімдері	Сәуір	Т.Абдраймов
12	Мұғалімдердің шығармашылық жұмыстары	Пән мұғалімдері	Мамыр	С.Стамкулов
13	Пед кеңеске дайындық туралы	Пән мұғалімдері	Қыркүйек	Т.Абдраймов

2023-2024 оқу жылы. Олимпиадалар. Жарыстар

р/с	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Пәні	Жетекшісі	Нәтижесі
1	Молдаш Қарақат	11	Ғылыми конференция	Ф.Құрақбаева	III-орын
2	Егізбай Бекзат	7	География .Ұлттық олимпиада	Н.Тұтаев	III-орын
3	Оралбек Карима	3	«Кенгуру» ойын конкурсы	Г.Түркістанбаева	III-дәрежелі диплом
4	Мырзагелді Асылай	6	Алтын сақа	Е.Артық	II- орын
5	Сағат Айзере	5	Алтын сақа	Е.Артық	II- орын
6	Есентай Нұрәли	5	Алтын сақа	А.Құлдыбай	III- орын
7	Жарқынбек Бекасыл	5	Алтын сақа	А.Құлдыбай	Грамота
8	Лесбек Ерсұлтан	3	«Зерде» Ғылыми конференция	Г.Қасымова	III- орын
9	Лесбек Ерсұлтан	3	Алтын сақа	Г.Қасымова	III- орын
10	Үсіпбай Айдана	4	Алтын сақа	А.Омарова	III- орын
11	Бимырза Жұлдыз	10	Спорт «Бокс»	Б.Есенгелдиев	Облыс. I-орын

12	Бимырза Жұлдыз	10	Спорт «Бокс»	Б.Есенгелдиев	Облыс. I-орын
13	Лесбек Ердос	8	Ғылыми конференция	С.Бастықова	III-орын
14	Лескен Сымбат	9	Дарын ауд олимпиада	Ш.Олжас	1-орын
15	Сағындық Айжан	10	Дарын ауд олимпиада	Ф.Құрақбаева	II-орын
16	Адырбай Асылжан	10	Дарын ауд олимпиада	Ш.Олжас	II-орын
17	Оралбек Асылзат	10	Дарын ауд олимпиада	А.Есиркепова	II-орын
18	Лескен Сымбат	9	Ауыл олимпиада (обл олимпиада)	Ш.Олжас	1-орын
19	Адырбай Асылжан	10	Ауыл олимпиада(обл олимпиада)	Ш.Олжас	I-орын
20	Мейірбекқызы Айзере	10	Ауыл олимпиада(обл олимпиада)	С.Аршабаев	III-орын
21	Серікбай Аяулым	11	Ауыл олимпиада(обл олимпиада)	Ж.Исаева	III-орын
22	Сағат Айзере	5	Математика (ауд олимпиада)	Е.Артық	III-орын
23	Темірбек Інжу	6	Орыс тілі (ауд олимпиада)	Н.Омарова	III-орын
24	Бимырза Самал	6	Қазақ тілі (ауд олимпиада)	Г.Бастықова	III-орын
25	Егізбай Кәусар	6	Жаратылыстану (ауд олимпиада)	Н.Тұтаев	II-орын
26	Лескен Айкөркем	7	Биология (ауд олимпиада)	Ж.Медетбеков	III-орын
27	Әбіхан Қарақат	7	Математика (ауд олимпиада)	О.Шәден	III-орын
28	Жақыпбек Инабат	7	Орыс тілі (ауд олимпиада)	Н.Омарова	III-орын
29	Есентай Қарақат	8	Информатика (ауд олимпиада)	Л.Назар	III-орын
30	Адырбай Мерей	8	Математика (ауд олимпиада)	Е.Артық	I-орын
31	Үсіпбай Айдана	4	Бастау (ауд олимпиада)	Ш.Үйсінбаева	III-орын
32	Лесбек Ерсұлтан	3	Жаратылыстану	Г.Қасымова	III-орын

33	Жақыпбек Нұршапағат	3	Қазақ тілі	Г.Түркістанбаева	ІІІ-орын
----	------------------------	---	------------	------------------	----------

Мектеп оқушылары республикалық, облыстық деңгейлердегі түрлі олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарды иеленді. Оқу барысында мұғалімдер мен оқушылар түрлі олимпиадаларға, түрлі сайыстарға бірнеше рет қатысып, мақтау қағаздарымен марапатталып жатты.

Оқу жылының басында 29.08.2024ж. мектепшілік әдістемелік пән бірлестіктері және олардың жетекшілерін бекіту туралы № 22 бұйрық бойынша 5 пән бірлестіктері бекітілген.

№	Пән бірлестіктері	Мерзімі	Бірлестік жетекшілері
1	Қазақ тілі, орыс тілі, шет тілі	Қыркүйек	Қ. Балқыбекова
2	Математика, информатика, физика	Ақпан	Л. Назар
3	Тарих, география, биология, химия	Наурыз	Ф. Құрақбаева
4	Еңбек, сурет, ән-музыка, дене тәрбиесі	Қараша	А. Көлдірова
5	Бастауыш сынып	Сәуір	А. Базарбекова

Пән бірлестіктерінің жұмыс жоспары түзіліп, пән апталықтарының кестесі бекітілді. Әдістемелік пән бірлестіктерінің пәндік апталықтары мен онкүндіктері жоспарға сәйкес өткізіліп, ашық сабақтар, дөңгелек үстелдер, сурет шығарма байқаулары, түрлі әдеби кештер мен білім сайыстары, көңілді тапқырлар клубының (КТК), іс-шараларының құжаттары рәсімделді. Әрбір бірлестік жоспар бойынша апталықтарын өз деңгейінде өткізіп, кезекті әдістемелік кеңесте есеп беріп отырды.

Педагогикалық кадрлардың аттестациядан өтуіне талдау

№	Оқу жылы	Жалпы мұғалім саны	Аттестациядан өткен мұғалім саны	%	Санаттары бойынша			
					Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор
1	2023-2024	43/1	14	31,8	-	2	5	7

Биылғы оқу жылында 1 жас маман жұмыс атқарды: Құлдыбай Ақбота -математика пәні мұғалімі.

Жылдың басында жас маманға тәлімгерлер бекітіліп, жыл бойы жас маманды баулу мақсатында әдістемелік көмек көрсетілді.

1. Сабақ және күнтізбелік жоспарларын жасау жөнінде нұсқау берілді.
2. Мектепшілік төлқұжаттарды толтыру туралы нұсқау берілді.
3. Практикалық сабақтарды жүргізуде көмек көрсетілді.
4. «Білім беру технологиялары мен әдіс тәсілдерін қолдану жолдары» атты семинар өткізілді.
5. «Мен маман ретінде қалыптасуына қандай проблемаларға кезіктім, қалай шештім» атты конференция өткізілді.
6. «Жас мамандардың білім жетілдіруі жайлы» дөңгелек үстел өткізілді сәуір айында жас маман тәлімгерімен бірге аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «Жас маман» байқауын көріп қайтты.
7. Жас мамандар тәжірибелі ұстаздардың сабақтарына қатысты.
8. Жас мамандарға нақты көмек ұйымдастыруда диагностикалық зерттеу жұмыстары жүргізілді.
9. Жас мамандар мен тәлімгерлердің жұмыс жүргізу жоспары құрылды.
- 10.«Жас маман» бұрышы жасалынды.
- 11.Жас мамандарға мұғалімдердің сабақтарына ену ұсынысы жасалынды.

Биылғы оқу жылында «Жалпыға бірдей орта білім беру» негізінде оқып, негізгі мектеп курсын толық меңгерген - 24 оқушы, 9-сыныпты бітіріп қолдарына мектеп бітіргендігі туралы куәлік берілді. Орта мектеп курсы бойынша 11-сыныпты 24 оқушы бітірді. Олардың екеуі өздерінің қалаулары және ата-аналарының өтініштері бойынша ҰБТ тапсырмауға тілек білдірді. Қалған 22 оқушы ҰБТ-ті тапсырды.ҰБТ нәтижесі жақсы көрсеткішке ие, мектеп бойынша орта бал – 63,1, бітіруші түлектердің 12 -ы мемлекеттік грант иегері атанса, 5-і түрлі колледждерге оқуға түсті.

Мектепте информатика пәнін Назар Лаура-педагог-зерттеуші мен Бастыкова Сәуле -педагог-модератор жүргізеді. Назар Лаураның педагогикалық өтілі - 12,3 жыл, апталық жүктеме - 24 сағат.Бастыкова Сәуленің педагогикалық өтілі - 24,9 жыл , апталық жүктеме - 8 сағат.

Оқу жылының басында , яғни қыркүйек айында нормативтік құжаттармен, әдістемелік нұсқау сағатпен және жаңартылған оқу бағдарламасымен танысып, оқу жылына жұмыс жоспары талқыланып, пән бойынша тақырыптық күнтізбелік жоспарлары құрылып , бекітілді

Оқушылардың білімді жүйелі түрде меңгеруіне және оқушының қабілет деңгейін дамытуда оқытудың жаңа технологияларының әртүрлі тәсілдерін дұрыс пайдалана білді.

Педагогикалық технология ұғымы түрлі педагогикалық ойын түрлерін педагогикалық процесте әдістер мен тәсілдердің кең көлемді топтарын біріктіреді, оның жалпы ойындардан ерекшелігі оқытуда нақты мақсатының қойылуымен және оның оқу-танымдық бағыты сипатталған, негізі салынған педагогикалық нәтижесіне сай анықталады. Сабақ барысындағы ойын әдістері оқушыларды оқу қызметіне ынталандыру құралы ретінде ойын әдістері мен жағдайларының көмегі арқылы құрылады.

Сондықтан оқушылардың осы топтарына әртүрлі деңгейде талап қоюға тура келеді. ал ойын элементтері кез-келген оқушының қызығушылығын тудырады. Ойындар оқушылардың ой — өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. ойындар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға да баулиды. оқушылар ойын ойнау барысында үйренген сөздерін айтып қана қоймай, оның қандай мағынада қолданылатынын да біледі. ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді.

Сабақта ойын түрлерін пайдалану сабақ түрлері мен әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір буыны.

Шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыстарын жалғастыруда.

5-11-сыныптар жаңартылған білім мазмұны бағдарламасы бойынша білім алуда. Жыл бойы жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау алынып, модерация жасалды, қорытындысы шығарылды, рубрика жазылып, ата-аналармен таныстырылды.

Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет- оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру.

Білім берудің маңызды шарты оқу үлгісінде оқушылардың сабаққа қызығуын арттыру,өздігінен білім алуға құштарлығын таныту.

Оқушылардың танымдық қабілетін жетелеу жолында мұғалімдер оларды олимпиадаларға,кіші ғылыми конференцияларға дайындау жолында еңбек етіп келеді.Алдағы оқу жылында оқушылардың пәндік олимпиада мен ғылыми жобаларға қатысуын одан әрі жандандырып, осы бағытта жұмыс нәтижесін көрсету мақсатында жұмыс жасау жоспарлануда.

Жаңартылған білім мазмұні бойынша білім алатын сыныптар бойынша , бекітілген білім стандартына сай күнделікті қалыптастырушы бағалау жұмыстары алынып отырылды. Бөлімнің соңы бойынша бөлімдік жиынтық бағалау, тоқсанның соңында тоқсандық жиынтық бағалаулар дер кезінде алынды . Бірінші жарты жылдықта 6-сынып оқушыларына Назар Лаура "Компьютердің маңызды құрылғылары" тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақ Блум таксономиясы бойынша жоспарланды. Топқа бөлініп, топтық, жұптық, жеке жұмыстар жүргізілді. Оқушылар өздерін - өздері бағалады.

Бастыкова Сәуле жетекшілік етіп, ғылыми жоба қорғаған оқушысы Лесбек Ердос облыс көлемінде жақсы нәтиже көрсетіп, жүлделі ІІІ орын иеленді.

Мазмұнды да әрі тартымды өткен апталықтың мақсаты - математика, информатика және физика сабақтарында, сабақтан тыс іс-шараларда оқытудың заманауи тәсілдерін қолдана отырып, оқушылардың өз беттерінше шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру қабілеттерін дамыту болды.

Апталық барысында мұғалімдер ұйымдастырған іс- шаралар заман талабына сай өтті. Бірлестіктің апталық жоспарымен таныстыру мақсатында 25- ақпан күні оқушылар жиыны өткізілді, онда апталықтың салтанатты ашылуы өтті және де апталық бағдарламасы мектеп дәлізіне ілінді.

Оқушылардың пәнге қызығуын арттыру мақсатында әртүрлі сыныптан тыс жұмыстар жүргізілді.

5-6 сыныптар арасында «Компьютер мен интернеттің пайдасы және зияны» тақырыбында сыныптан тыс сабақ өткізіліп, постер қорғау мәдениетімен оқушылар жақын танысты. Бұдан бөлек күнделікті сабақтарда «фишбоун», «постер қорғау», «ыстық орындық», «әңгіменің үш түрін», «Activote», «бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін», «морфологиялық себет», «топтастыру», «алты калпак», «бес бармақ», «бес тірек сөз» тәсілдерін қолдандым. Сабақтағы оқушылардың интербелсенді көшбасшылығын қолдай отырып, психологиялық ахуалды реттеп, сергіті сәттерін қолданып, жұмыстың әртүрлі формаларын жасаттым. Көбіне жұптық жұмыстар топтық жұмыстармен сабақтасып, деңгейлік тапсырмаларды өздері құрған критерийлер бойынша орындады.

Информатика пәнін оқытуда - оқытуда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану дұрыс жолға қойылған.

Пән мұғалімі ғылыми-әдістемелік газет-журналдарға жазылып отырады және әдістемелік газет-журналдардағы жарияланған материалдармен танысып бірлестік отырысында талқылап, қажетті әдістемелік көмек алып отырады.

АКТ – тиімді пайдалану оқушылардың оқу мотивациясының артуына ықпал етеді.

Исаева Жайнакул Нуржаукызы. Химия пәнінің мұғалімі. Педагог-модератор.

Пед өтілі :16 жыл. Апталық жүктемесі - 17 сағат.

Шығармашылық тақырыбы: Химия сабағында экологиялық біліммен тәрбие беру.

Курстан өткен жылы 2022 жыл. Пән бойынша және ПШО.

Марапаттары: Аудандық, мектепшілік

Бекбергенова Салтанат .Биология пәні мұғалімі. Пед . өтілі:1 жыл.

Осы бағыттар бойынша жұмыстар жүйелі жүргізіліп отырды. Әдістемелік кеңесі өткізіліп 2023– 2024 жылға жылдық жоспар құрылды. Жыл басынан бастап жылдық жоспарға сай жұмыстар атқарылды. Жаңартылған білім мазмұны бойынша ұмж, омж, күнделікті кмж жасалып отырды. Ағылшын тілі кабинетін жаңартылған білім мазмұнына орай талапқа сай жабдықтап, көрнекіліктермен, методикалық кітапшалармен толықтырдым. ҰБТ- ға жоспар құрып бекітілді. Қосымша сабақ кестесі бойынша оқушыларға дайындық жұмыстары жүргізілді. Дарынды және оқу мотивациясы төмен оқушылармен жұмысқа жоспар құрып сол бойынша жұмыс жасадым. Жаңартылған білім мазмұнына көшкен сыныптарда үнемі жаңа технологиямен, жаңа әдістер қоланылып отырды. Айта кетсек «Ақылдың алты қалпағы», «Бір сөйлем әдісі», «Блум таксономиясымен», «Шиыршық тәсілі,» рефлексия, кері байланыстар, бағдаршам, блоб ағашы, ббт, тілек ағашы тағы сол сияқты көптеген әдістермен сабақтар өтілді. Жаңа әдістер оқушының ой өрісін кеңейтіп, ағылшын тілінде сөйлеуге, бір бірін түсінуге, жақсы қарым -қатынаста болуға мол әсерін тигізді. Оқушыларды критериалды бағалау, өзін -өзі бағалау, ұпайлық бағалаулар арқылы бағалап отырдық. Химия, биология пәндерінің апталығы өтті.

Қараша айында 8-11 сынып аралығында мектепшілік олимпиада өтіп, топ жарған оқушылар аймақтық олимпиадаға жіберілді. Тоқсан сайын жаңартылған сыныптар

бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстары алынып, оларға талдау жасалып, ата аналарға рубрика беріліп отырды. Күнделікті сабақты күнделік кз тіркеп отырдық. Әр тоқсанда оқушылардың жұмыстары тексеріліп модерация хаттамасына түсірілді. Модерация хаттамасы пән мұғалімдерінің қатысуымен түзілді. Сабақ құрылымы, ұмж, омж, қмж қалай жасауды, оқушылармен қарым қатынас орнату, ашық сабақтың өтілу барысын, сонымен қатар жаңартылған бағдарлама бойынша сабақты жана үлгіде түрлі тәсілдерді қолданып, АКТ ны жиі пайдалануды үйретілді. Тоқсан сайын алынған жиынтық бағалауды тексеруді, модерацияны үйретіп отырдым.

Жыл соңында тоқсан сайын алынатын бақылау жұмыстары алынып, тексерілді. Оқушылардың 4 тоқсанда алған бағалары есептеліп, жылдық қорытынды жасалды. Білімленд-ке бағалар енгізілді. Тоқсандық және жылдық бағалармен бақылау жұмыстарының пайыздары есептеліп, мониторинг жасалды

Құрақбаева Фарида Рысбекқызы - тарих пәнінің мұғалімі, пед.өтілі - 22 жыл, педагог-зерттеуші.

Жыл басынан бастап жылдық жоспарға сай жұмыстар атқарылды. Жаңартылған білім мазмұны бойынша ұмж, омж, күнделікті қмж жасалып отырды. Тарих кабинетін жаңартылған білім мазмұнына орай талапқа сай жабдықтап, көрнекіліктермен, методикалық кітапшалармен толықтырдым. ОЖСБ на жоспар құрып бекітілді. Қосымша сабақ кестесі бойынша оқушыларға дайындық жұмыстары жүргізілді. Дарынды және оқу мотивациясы төмен оқушылармен жұмысқа жоспар құрып сол бойынша жұмыс жасады. Жаңартылған білім мазмұнына көшкен сыныптарда үнемі жана технологиямен, жана әдістер қолданылып отырды. Айта кетсек «Ақылдың алты қалпағы», «Бір сөйлем әдісі», «Блум таксономиясымен», «Шиыршық тәсілі,» рефлексия, кері байланыстар, бағдаршам, блоб ағашы, ббт, тілек ағашы тағы сол сияқты көптеген әдістермен сабақтар өтілді. Жаңа әдістер оқушының ой өрісін кеңейтіп, бір бірін түсінуге, жақсы қарым - қатынаста болуға мол әсерін тигізді.

Оқушылардың білім мен іс-тәжірбиені ұштастыру мақсаттында, елін жерін сүйуге, тарихи мәдени жерлерге саяхаттап құндылықтарды дәріптеу мақсатында Шымкент қаласының тарихи мұражайға бардық.

Рухани жаңғыру бағдарламасы аясыныда «Туған жерге тағзым» тақырыбында ашық сабақ өткіздім, соның негізінде ауылымыздың киелі жеті «Тастөбе» барым оқушылармен сол жердің киелі екенін, тарихы тереңде жатқаның түсініп ашылмаған сыр бар екенін біліп қайтты.

«Тарихы терең Түркістан» атты ашық сабақ бойынша киелі Түркістанға саяхат жасалды. Қазақстанның рухани астанасы – Түркістан қаласы туралы әңгіме қозғап, қала аумағындағы ежелгі өркениет ескерткіштері туралы айтып. Ұлы жібек жолы, Қожа ахмет Йасауи, Арыстанбаб, Айша бибі кесенелері туралы түсініктер берілді.

2023-2024 оқу жылындағы жетістіктер мектепшілік жарыстар арасында үздік оқығаны үшін 10^а-сынып оқушылар Адырбай Асылжан, Оралбак Асылзат, Пернебек Шыңғыс мақтау қағазымен марапатталды.

Мектепшілік жарыстарда 5-оқушы, аудандық байқауларда 15-оқушы жүлделі орындардан көрінді.

Жыл ішінде жоспарға сай пәндердің берілісіне бақылау жасалып отырды. Әр өткізілген әкімшілік тексерулер кезінде қорытындылынды. Қорыта айтқанда, әрбір ұстаз өз отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, рухани адамгершілігі мол,

парасатты, мәдениетті, жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға міндетті. Яғни, сабақта әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану, оқушының жеке басын құрметтей отырып, білім беруді пән мұғалімдері оқытудың негізгі талабы деп біледі. Сондықтан бұл мәселеге психологиялық тұрғыдан қарап, педагогикалық әрекет етіп, әдістемелік шеберлікпен келу жолдары дұрыс жолға қойылған.

Жаңа оқу жылында қойылған талаптар бар мүмкіншіліктеріне қарай орындалып отырылды.

Бірлестік мүшелерінің алдағы оқу жылына қойған мақсаты – оқушылардың білім сапасын арттыру. Сабақта қолданылған оқытудың жаңа технологиялары оқушылардың білім сапасын арттыруға және пәнге қызығушылығын, сонымен қатар әр жеткіншек іскерлігін, ізденімпаздығын, байқау қабілеттерін жетілдіруге, өзіндік дамуына мүмкіндік жасау.

«Аялай біл, сен деп соққан жүректі» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтілді.

Мақсаты: жаныңда жүрген жақын адамдарды, отбасы мүшелері, құрбы-құрдастар, достарды сыйлауға құрметтеуге үйрету.

Міндеттері:

- Адамдардың бір-біріне деген мейірім- шапағатының мән мағынасын түсіндіру
- Жаныңда жүрген жақын адамдарға деген сүйіспеншіліктерін дамыту;
- Жаныңда жүрген жақын адамдарды сыйлай, қадірлей білуге тәрбиелеу.

Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет- оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру.

Білім берудің маңызды шарты оқу үлгісінде оқушылардың сабаққа қызығуын арттыру,өздігінен білім алуға құштарлығын таныту.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін жетелеу жолында мұғалім еңбек етіп келеді.

Мектепте музыка пәнін Көлдірова Азиза жүргізеді. Пед.өтілі - 16 жыл, педагог-модератор.

Бүгінгі мақсат халықтың музыкалық педагогика саласының сол озық идеяларын жандандырып, білім беру жүйесіне енгізу отыр.

Музыка - болашақ ұрпақтың дәстүрлі сазын бойларына сіңірте келе әлемдік саз әлемімен ұштастырып, рухани байлықты жан дүнесіне игереді.

«Музыка – менің жан - дүнием », - деп орыс сазгері М.И.Глинка айтқандай әр саз маманы музыка сабағын өздерінің шеберліктерімен мектептегі жоғарғы дәрежелі сабақ ретінде көтеруі парыз. 12 наурызда аудандық көркемөнерпаздар байқауына мектеп оқушылары жақсы өнер көрсетті.

Жыл ішінде жоспарға сай пәндердің сапалы жүргізілуіне бақылау жасалып отырды.Әр өткізілген әкімшілік тексерулер кезінде қорытындыланды. Оқу жылына қойылған талаптар мен міндеттер мектептің техникалық базасының мүмкіндігіне қарай өз дәрежесінде орындалып отырылды.

Жаңа оқу жылында қойылған талаптар бар мүмкіншіліктеріне қарай орындалып отырылды.Қорыта айтқанда, сабақта қолданылған оқытудың жаңа технологиялары оқушылардың білім сап асын арттыруға және пәнге қызығушылығын, сонымен қатар әр жеткіншек іскерлігін, ізденімпаздығын, байқау қабілеттерін жетілдіруге, өзіндік дамуына мүмкіндік жасау. «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана

мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» деген орыстың ұстазы және жазушысы К.Д Ушинский. Алдағы уақытта әрқашан ізденіс үстінде болып, өзімізді кәсіби дамытамыз деген мақсаттамыз.

Қазақстан Республикасының білім мен тәрбие беру үрдісінде үздіксіз тәрбие беру бағдарламасына сай жылдық жоспар жасалынып, тәрбиенің барлық бағыты толық қамтылды. Тоқсандық, айлық, апталық іс-шаралар жоспары жасалынып, мектеп директорымен бекітілген. Тәрбие жұмысына қатысты нормативтік-құқықтық актілер жинақталған.

Мектеп өзін-өзі басқару ұйымның жұмысы жолға қойылған, құрамында 10 оқушы мүшелік етіп, мектеп президенті болып 10-сынып оқушысы Молдаш Қарақат бекітілген.

Сабақтан себепсіз қалған оқушы жоқ. Мектеп формасы әкімшілік тарапынан арнайы үлгіде бекітілді. Оқушылар бір келкі форманы ұстануда.

2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысы «Отбасы, мектеппен қоғамның ынтымақтастығы» айдарымен бастау алып, «Алғашқы қоңырау» мен ата-аналар жиналысының да тақырыбы осы бағытта өрбіді.

Жаңа оқу жылында тәрбие жұмысының бағыттары да «Қазақстан Республикасының білім мен тәрбие беру үрдісінде үздіксіз тәрбие беру тұжырымдамасына» сай өзгертіліп, сегіз бағытқа бөлінді.

Мектепте 317/25 оқушы бар, оның ішінде әлеуметтік картада тұратын отбасыдан шыққан - 131 бала, жартылай жетім-32, аудандық ІІБ есепке тұратын оқушы жоқ. «Қиын бала» жоқ. Көп балалы отбасыдан шыққан оқушылар саны - 59. Жетім, қамқоршылық тәрбиедегі -1 оқушы бар. Аз қамтамасыз етілген оқушылар саны -12. Жартылай жетім оқушыларға мектеп тарапынан да, аудандық білім бөлімінің тарапынан да, материалдық көмек көрсетіліп жатты және олар ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Мектеп мөлтекауданы бойынша оқуға тартылмай қалған, 10 күннен асық оқуға келмей жүрген оқушылар болған жоқ.

«Наркобекет» тобы құрылған, мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын ұстануында бұл топ маңызды роль атқарады.

Мектепке бағдарламаның нормативтік-құқықтық тәрбиелеу модулі енгізілді. Жасөспірімдердің қоғамдық жерлерде 22.00 сағаттан кейін ата-аналарынсыз жүрмеуі туралы екерту жасалып, сынып жетекшілеріне тапсырылды. Жоғарғы Ақсу әкімшілігімен бірлесе отырып, «Отбасы», «Жасөспірім» рейдтік іс-шаралар өткізілді.

Саяси және құқықтық мәдениетті тәрбиелеу бағытында «Уақыт және өзім туралы» диалогтар, диспуттар ұйымдастырылды. Оқушылар мен саяси хабарлар барлық сыныптарда әр дүйсенбі сайын өткізіліп тұрады. Оқушылар арасында құқық саласында «Құқық мәдениет әлемінде» тақырыбында кездесу өткізілді. Мектебімізде «Жасөспірімдер және заң» газеті шығарылып тұрады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыруда құқықтану және қоғамтану пәндерінде оқушылардан анкетелық сұрақтар алынады. ҚР рәмізіне арналған бұрыштама жасалынып, үнемі жаңартылып отырады. Мемлекеттік рәміздерден 8-11 сыныптар арасында сынақ қабылданады. «ҚР мемлекеттік Әнұранын ең жақсы орындаушы» атрибуттарды білу жөнінде оқушылар арасында мектепішілік байқау өткізілді. Халықтық педагогика бойынша "Аталар мектебі" жетекшісі Б.Үсіпбеков және

«Аналар мектебі» жетекшісі Ә.Есіркепова жыл бойында жұмыс атқарды. Мектеп тәлімгері С.Бекбергенованың жетекшілігімен көптеген іс-шаралар жүргізілді. Мектеп парламенті және «Жас Ұлан» ұйымы жоспар бойынша жұмыс атқарды. "Жас ұландар" мен "Жас қырандар" қатарына оқушыларды қабылдады. Сыныптан тыс өтілетін іс-шараларға белсене атсалысты. 5А-сыныбының жетекшісі Л.Назар "Біз Жеңістің ұрпақтарымыз" тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді. Ауылымыздағы "Қарттар саябағында" үлкен мерекелік іс-шара өткізілді.

«Діни экстремизм және терроризм» тақырыбы бойынша ата-аналардың қатысуымен жоғарғы сынып оқушылары бірігіп, тарих пәнінің мұғалімі Құрақбаева Фарида ашық тәрбие сағатын өткізді.

Мектеп оқушылары арасында діни экстремизмнің алдын алу мақсатында ауыл имамы Жанат Мақсат, ауылдық әкімшіліктің бас маманы Тілеубай Рамазанмен кездесу өткізіп, ақпараттық әдістемелік жинақтау жасалды.

Оқушыларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында «Қазақстан менің Отаным» атты кеш өткізілді. «Республика күні», «Тәуелсіздік күні», «Конституция күні», «Қазақстан халықтар достығы мен бірлігі» күндер қарсаңында апталықтар өткізілді. Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерін қолдана отырып, белгілі даталарға, оқу жылының басталуы мен аяқталуына арналған мектепшілік іс-шаралар ұйымдастырылды. Тәуелсіздіктің 32 жылдығына арнап «Арнайы іс-шаралар» жоспары түзілді. 8-сынып жетекшісі Пернебек Нұрланмен "Ұлт бірлігі - ұлт байлығы", 11-сынып жетекшісі Н.Умбеталиева "Тәуелсіздік тұтқасы бізге аманат", 6Б -сыныбының жетекшісі Маймақова Назира "Желтоқсанның мұзда жанған алауы" тақырыптарында ашық тәрбие сағаттарын өткізді.

Рухани өнегелік тәрбие бағытында Түркістан, Сайрам қалаларына экскурсиялар ұйымдастырылды. ҚР халықтарының салт - дәстүрлерінің бай мұрасын оқыту бойынша «Атамекен» топтарының аудандық туристік - өлкетану экспедициясына барып жарысқа қатысып қайтты.

Есірткі және басқада зиянды заттарды пайдаланудың алдын - алу жүйесін жетілдіруге, салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастыру мақсатында 5-11 сыныптары арасында зиянды заттарды пайдаланудың алдын - алу бойынша ақпараттау, үгіттеу және кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Мектеп медбикесі Амиракулова Ақмарал есірткі, темекі, алкогольді сусындардың зияндығы туралы қабырға газеттерін шығарып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Жалпы ата-аналар жиналысында нашақорлықтың, темекі шегудің, алкогольді қолданудың алдын - алу мақсатында лекция, пікірталас ұйымдастырылды. ЖҚТБ/АҚТҚ (ВИЧ/СПИД) және ЖЖБИ (ИППП) аурулардың алдын алу, нашақорлыққа қарсы күресті, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында мектептегі барлық сыныптардан бақылау диктанттары алынып, спорт түрлерінен спартакиадалар ұйымдастырылды. Психолог Тіленшиев Мейірбек «Мен өмірді таңдаймын» атты психологиялық - оқыту тренингін өткізді. Қыркүйек айында мектепшілік «Денсаулық» фестивалі өткізілді.

Оқушыларды жол-көлік апаттарынан алдын - ала сақтандыру жұмысын күшейту мақсатында «Абайландар, балалар» апталығы өткізілді. Білім беру мекемелеріндегі ата-аналарымен әлеуметтік серіктестік жүргізу мақсатында өз балаларын және сынып балаларын тәрбиелеудегі мүмкіндіктерін анықтау үшін отбасылық анкеталық сұрақтар алынды. Мектеп әкімшілігі тамыз айында қамқорлық айлығын өткізді.

"Мектепке жол" акциясы барысында арнайы іс-шаралар жоспары түзіліп, сол жоспарға сай жұмыстар жасалды. Акция барысында әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасы балалары анықталды.

Салт -дәстүрді насихаттау және мәдениетті қалыптастыру бағытында жас ақындар мен термешілер байқауын өткіздік. Музыка пәнінің мұғалімі Көлдірова Әзиза аудандық «Ақбота» жарысына оқушыларды дайындап, қатыстырды. «Табиғат балалар көзімен» атты мектепшілік сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Мектепте сынып жетекшілер бірлестігі жұмыс атқарады. 1-4 сыныптар - жетекшісі Мейірбекова Алмагүл . 5-11-сыныптар жетекшісі Бастыкова Гулбаран. Өткен оқу жылында мынадай ашық тәрбие сағаттарын өтті. 2^б - сынып «Кітап - біздің досымыз», 6А-сынып «Ұстаз аты -биік, әрі мәңгілік», 8- сынып «Қазақтың спорт жұлдыздары», 11-сынып «Менің Ұстазым».

Ұл мен қыз және отбасы тақырыбында «Атаның шеберханасы», «Жігіттің сұлтаны» сайысы, «Қыз сыны» байқауы, "Жеті өнер", «Ұлттық бұйымдар жарысы», «Елдің өткеніне саяхат» мамандыққа бағдарлау және еңбекке баулу жөнінде «Мен баюдың жолдарын білемін» атты пікірталас, «Мен кәсіпкермін, банкирмін, менеджермін» рөлдік ойын тақырыбында іс-шаралар өткізілді.

Оқушылар спорт секцияларына үнемі тартылып отырады. Мектебіміздің жоғары сынып оқушыларынан құралған баскетбол, бөлейбол командалары аудан деңгейінде жақсы ойын көрсетіп, жүлделі ІІ, ІІІ орындарды иеленуде. Көрші аудандарға жолдастық кездесуге шығып, ауданымыздың, мектебіміздің намысын қорғап, жеңіске жетіп келеді. Эстетикалық және сұлулық тәрбиесінде «Ізгілік неден басталады?» тақырыбында пікірталас, «Көркем шығармаларды талдау» тақырыбында эстетикалық сабақтар өтілді.

Экологиялық білім беру бағытында «Туған жердің экологиясы», «Машат және Ақсу өзендерін қорғау» тақырыптары бойынша саяхат ұйымдастырылды. 9-11 сыныптарда тарих пәнінің мұғалімі Ф.Құрақбаеваның басшылығымен «Қазақстанда оппозициялық топтардың болуы пайдалы ма?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Төлеби ауданындағы «Ақсу - Жабағылы» қорығындағы «Қызыл кітапқа» енген өсімдіктер мен жануарларына сырттай саяхатты С.Бекбергенова ұйымдастырды. Өткен оқу жылында 2 рет жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр, себебі діни экстремизм - осы заманға тән әлеуметтік қатерге айналды. Осыған байланысты өскелең ұрпақты қоғамда белең алған қауіп-қатерлерден құлағдар етіп отыру маңызды. Мектепте терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу және діни теріс ағымдардың таралуын болдырмау бағытында 5- одақ бірлескен жұмыстар атқарды. Мақсатымыз жат діннің жетегінде кетпесін деген бағытта жастардың, әсіресе мектептегі оқушылардың санасын қалыптастыру, дәстүрлі дінді түсіндіру, олардың экстремизм мен терроризмге, жат ағымдарға қарсы ішкі иммунитетін қалыптастыру. Дәстүрлі емес діни бірлестіктерден келетін қауіп-қатерден оқушыларды сақтандыру мақсатында 2023 -2024 оқу жылында «Діни экстремизм және терроризм» бағыты бойынша жоспар жасалынды.

Тарих пәнінің мұғалімі Ф.Құрақбаева 9- 11 сыныптар арасында « Діни экстремизм алдын алу мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Оқушылар белсене қатысып өзіндік ой-пікірлерімен бөлісті.

Ф.Құрақбаева оқушыларға радикалды діни идеологияның қазіргі таңда адамзат баласына келтіріп отырған зияны туралы көріністерді арнайы бейне роликтер арқылы ұғындырып оқушылардың санасына сіндіре білді.

Мектеп психологы М.Тіленшиев жоғары сыныптар арасында діни экстремизмнің және терроризмдік қылмыстардың алдын алу мақсатында оқушыларға түсіндіру жұмысын жүргізді. Оқушылар арасындағы дінге қызығушылық қасиеттері бар жастар өз сұрақтарын қойды. Оған мектеп психологы М.Тіленшиев ұтымды жауап берді

Жоғарғы сынып жетекшілері оқушылар бойында экстремизм мен радикализмге қарсы әрекет ету дағдыларын қалыптастыру мақсаттарында 9- сыныпта «Дін және дәстүр», 10- сыныпта «Дін ұстай алсаң қасиетің, ұстай алмасаң қасіретің» , 11 - сыныпта «Өзге діннің жетегіне кетпе қазақ баласы» атты тақырыптарда сынып сағаттарын өтті.

Мектеп кітапханашысы Ашенова Гүлмира оқушылардың діни сауаттылығын арттыру мен руханилығын нығайту мақсатында Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі ұсынған әртүрлі діндердің негіздері жөніндегі әдебиеттермен қамту жұмыстарын жүргізді. Оқушылардың оқу демалысы уақытында мәдени- тарихи құндылығын насихаттау мақсатында ауыл кітапханасына оқушыларды апарып мағлұматтар берді.

Радикалды діни идеологиядан бойларын аулақ ұстату мақсатында дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу және спортпен шұғылдануын қамтамасыз етіп, түрлі спорттық- іс шаралар өткізді.

Мектеп психологы Тіленшиев Мейірбек 9-11 сыныптар арасында «Діни экстремизм-ұлт дерті» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Мектеп оқушыларына жастардың теріс піғылды діни идеологияны тұрақты қабылдамауын қалыптастыруға бағытталған тақырыптық роликтерді көрсете отырып, исламдық ұлтқа көзқарастарын қалыптастыра білді.

Жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын-алу немесе қыз бала тәрбиесіне катысты "Аружан" қыздар клубының жетекшісі Қ.Балқыбекова , мектеп медбикесімен бірлесе отырып, 7-11 сынып оқушы қыздардың арасында «Ерте жүктіліктің ертеңі қандай?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Онда оқушыларға ерте жүктіліктің салдары қандай болады , оның адам өміріне тигізетін келешектегі қауіп-қатері қандай , тағы басқа да осындай үлкен сұрақтың төңірегінде әңгіме қозғады. Мүмкіндігінше қыз бала әсіресе, анасымен кішкентай кезінен сырлас, ақылдас болып жүргені жөн. «Әр бойжеткеннің денсаулығы мен болашағы өз қолында» сөзінің мән - мағынасына тоқталып, жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын-алу жолдарына тоқталып, пікір алмасты.

Науқан кезінде мектеп линейкасы қойылып , тәлімгер А.Жумадилова тарапынан мектеп комитеті мүшелерімен бірге, оқушыларға Интернеттің пайдасы мен зияны, оқушыларға жат және зиянды сайттарға кірмеу туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мектеп бойынша барлық сыныптарда «Интернет дегеніміз не?», «Интернет мемлекетіне саяхат», «Интернет - менің өмірімде», «Қауіпсіз Интернет» және тағы басқа тақырыптарда оқушылар арасында, сыныптар да сынып сағаттары, сабақтан тыс іс-шаралар, реферат, альбом, плакат, сурет байқаулары ұйымдастырылып өткізілді, жазба жұмыстары алынды.

Тәрбиенің 8 бағыты бойынша атқарылған іс-шаралардың барлығы оқушылардың санасына ұлтжандылық, патриоттық сезімін қалыптастырады деген сенімдемін.

2024-2025 оқу жылының міндеттері

1. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқушыларға білім беруде білім стандарттарының талаптарын қамтамасыз ету.
2. Білім сапасын көтеруді басты назарға ұстау.
3. «Білім туралы заңды» әр ұстаздың басты міндеті деп есептеу.
4. Оқушылардың сабаққа толық қатынасуын үнемі қадағалап отыру.
5. Оқушылардың жан-жақты дамуын және мамандық таңдауына педагогикалық басшылық жасау.
6. Оқу кабинеттерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуды әрі қарай жалғастыру.
7. Салауатты өмір салтын ендіруге байланысты жұмыстарды жандандыру.
8. Әрбір сабақ шығармашылық сабақ болу үшін сабақтағы негізгі тақырыптарды бұлжытпай орындау мен бірге әдістемелік шеберлігін арттырып, оқытудың жаңа нормаларын, әдістерін басшылыққа алып отыру.
9. Білім негіздерін оқытуды өмірмен байланыстыруды жолға қою.
10. Оқушылардың шығармашылық зерттеу жұмыстарын дамыту.
11. Дарынды оқушыларды дайындап, даралап оқытуға кең жол ашу.
12. Оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыруда ата-аналармен тығыз байланыс орнату.
13. Ата-аналармен әр тоқсан сайын жиналыс өткізіп, балалардың білімі мен тәрбиесі туралы хабардар етіп тұру.
14. Ұлттық бірыңғай тестке үнемі дайындық жүргізіп тұру.
15. Оның қорытындыларын аудандық оқу бөліміне дер кезінде өткізіп тұру.
16. Оқушы жетістігін сырттай бақылауға дайындық жүргізу және оған басшылық жасау.
17. Тәрбиенің негізгі түрі-адамгершілік педагогикалық мазмұнымен ұштастырып, ізгілікті және өзара сыйлаушылықты қалыптастыру.
18. Пән апталықтарын өткізу және аудандық пән олимпиадасына жүйелі түрде дайындап, жақсы нәтиже көрсету.
19. Директор жанындағы кеңесте, әдістемелік кеңесте оқу-тәрбие жұмыстарын талқылап отыру.
20. Оқушылардың дүниетанымын, көзқарасын қазіргі қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге дұрыс бағдар беру негізінде қалыптастыру.

Жалпыға бірдей орта білім беру жұмысын жүзеге асыру

P/c	Атқарылатын істер	Жауаптылар	Мерзімі
1	Бірінші сыныпқа оқушылар қабылдау үшін құжаттардың электронды нұсқасын дайындау және мәліметтер қорына тіркелу. Ол үшін арнайы комиссия құру. Мектеп реформасы талабына сәйкес әсіресе 6 жастағы балаларды оқытуға ерекше назар аудару.	Абдраймов Т	Маусым 30-тамызға дейін
2	Сыныптарға жанадан оқушылар қабылдау үшін арнайы комиссия құру, оқушылардың жасын, тиісті құжаттарын тексеріп анықтау, ата-аналармен сөйлесу, жеке сыныптарға бөлу	Сынып жетекшілер	қыркүйек
3	Жалпыға бірдей міндетті оқу заңын жүзеге асыру мақсатында тұрғылықты жерді мөлтекаудандарға бөліп, оларға жауапты мұғалімдерді жыл бойына бекіту	Мектеп әкімшілігі	қыркүйек
4	Жеке сыныптар бойынша оқушылар санын анықтау, сынып жетекшілерінің есебін тексеріп бекіту. Мектеп бойынша аудандық оқу бөліміне есеп беру.	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер	қыркүйек
5	Күнделікті оқушылардың сабаққа қатысуына бақылау. Сабақтан себепсіз қалған, не кешіккен оқушыларды арнайы журналға белгілеу, олардың себебін тексеріп тиісті шаралар қолданып сенбі, мейрам алды күндерінде ерекше назар аудару.	Оқушылар комитеті. Кезекші.	Күнделікті апта сайын
6	Мектеп мөлтекауданында мектеп жасына дейінгі (1-5) жас балалардың есебін алу, мүмкіндігіне қарай оларды балалар бақшасына орналастыруына көмек көрсету.	Тамыз	Қыркүйек
7	Мектеп жанындағы асхананың және дәмхана жұмысын жолға қою.	Мектеп әкімшілігі	Оқу жыл басында
8	Мектеп оқушылары арасындағы ата-анасы жоқ жетім балаларды анықтап, оларға ерекше қамқорлық жасау. Мүмкіндігінше оларды тиісті орындарға орналастыру. Оларға қамқоршы дайындау.	Тленчиев М Абжапбар А	Қажетті кезде
9	Нашарлау үлгеретін оқушыларды ерекше тізімге алу, олардың сабақ үлгерімін үнемі бақылап отыру. Олармен жеке жұмыс жүргізіп, көмек көрсету.	Сынып жетекші	Жыл бойы

10 а)	Тәрбиесі қиын оқушыларды ерекше тізімге алу. Олардың сабақ үлгерімін бақылап отыру. Олармен жеке жұмыс жүргізіп көмек көрсету. Қоғамдық тәрбиеші мұғалімдер бекіту.	Д.Усенбекова Сынып жетекшілер	Жыл бойы
б)	Үйірме жұмыстарына, кітапханаға, кітап оқуға тарту.	Ашенова Г	Жыл бойы
11	Барлық оқушыларды қажетті оқулықтармен қамтамасыз ету. Тегін оқулықтар қорын сақтауға және молайтуға тиісті шаралар қолдану.	Мектеп әкімшілігі	Жыл бойы
а)	Кітаптың сақталуын тексеріп отыру.	Мектеп әкімшілігі	Ай сайын
б)	Сыныптар арасында жарыстар ұйымдастырып отыру.	Мектеп әкімшілігі	Жыл бойы
в)	Оқушылар және ата-аналар арасында, түсінік тәрбие жұмыстарын өткізу.	Мектеп әкімшілігі	Жыл бойы
г)	Кітап көрмелерін ұйымдастыру	Ашенова Г	Әр тоқсан сайын
12	Бітіруші 9-11 сынып оқушыларын және олардың ата-аналарымен толық орта білім алу қажеттілігі, жалпыға бірдей міндетті оқу заңы туралы және мамандық таңдау жөнінде тәрбие жұмыстарын жүргізу. Оқушыларға кәсіптік бағдар беру мақсатымен кәсіптік техникалық училищелер мен арнаулы жоғарғы оқу орындарымен байланыс жасау.	Сынып жетекшісі	Қажетті кезде
13	Балалардың денсаулығына медициналық бақылау жасау. Балаларды жаппай тексеруден өткізіп отыру.	Амиракулова А	Дер кезінде
а)	Денсаулығы нашар балаларды есепке алу, олардың емделуіне көмектесу.	Мектеп әкімшілігі	Жыл бойы
б)	Үйінде оқытатын оқушыларды анықтау.	Амиракулова А	

Жалпыға бірдей білім беру жұмысына басшылық жасау мына төмендегі құрамда кеңес құру :

1.Стамқұлов С - мектеп директоры.

2.Абдраимов Т - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.

3. Аршабаев С – директордың бейіндік оқу орынбасары.

4. Усенбекова Д -директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

5. Тіленшиев М – психолог

6. Абжапбар А – әлеуметтік педагог

**Педагогикалық кадрлармен жұмыс,
олардың білім дәрежесін жоғарылату**

№	Атқарылатын жұмыстың мазмұны	Жауапты	Мерзімі
Педагогикалық кадрлармен жұмыс			
1	Мұғалімдердің сабақ жүктемелерін белгілеп, бекіту.	Абдраймов Т	20-25 тамыз
2	Мұғалімдердің қоғамдық жұмыстарын белгілеу. Қоғамдық жұмыстың барысын бақылау, ауық-ауық есептерін талқылау.	Мектеп әкімшілігі	Қыркүйек
3	Тиісті мұғалімдерді кезекті аттестациядан өткізу, өз уақытында өткізіп тұру, аттестациялық комиссияның ескертулерін қадағалап отыру.	Комиссия төрағасы	Тұрақты
4	Тәжірибесі аз мұғалімдерге жан-жақты көмек көрсету. А) Шәден О Ә) Рыстанбек Н Б) Орынбаева М В) Елшібек А Г) Құлдыбай А	Бірлестік жетекшілері	Үнемі
5	Мұғалімдерді дер кезінде мамандық жетілдіру курстарына жіберіп тұру.	Абдраймов Т	Жоспар бойынша
6	Озат педагогикалық тәжірибе мектебін ұйымдастыру. А) Тленчиев М Ә) Бастықова Г Б) Назар Л	Әдістемелік кеңес алқасы	Жыл бойы
7	Мұғалімдердің өз білімін көтеруін бақылау, қажет болса көмек көрсету, өз білімін көтерудің барысы жайлы мұғалімдердің хабарламасын тындап тұру.	Мектеп әкімшілігі	Жыл бойы
8	Педагогикалық және әдістемелік жаңалықтармен танысып, пікір алмасып, талқылап тұру.	Әдістемелік кеңес алқасы	Ай сайын

9	Мұғалімдерді тиісті коммуналдық қызметпен және отынмен қамтамасыз ету. (мүмкіндігіне байланысты).	Кәсіподақ	Тамыз, қыркүйек
10	Мұғалімдердің үй жайы және тұрмыс жағдайымен таныс болу, мүмкіндігіне қарай көмек көрсету.	Мектеп әкімшілігі	Қажетті кезде
11	Мұғалімдердің мәдени демалысын ұйымдастыру және денсаулығын сақтауға қамқорлық жасау. А) музей, театр, концерттерге коллективті болып бару. Б) туристік саяхаттар ұйымдастыру В) демалыс үйлеріне, санаторияларға жолдама алып беру (мүмкіндігіне қарай)	Кәсіподақ комитеті	Қажетті кезде
12	Педагогтық ұжым арасында еңбек тәртібін бұзған не басқада моральдық қателіктер жіберген мұғалімдерді дер кезінде ұжымда талқылап қоғамдық пікір туғызу, тиісті шара қолдану.	Кәсіподақ комитеті	Қажетті кезде
13	Білім заңының талаптарын жүзеге асыруда мұғалімдердің жауапкершілігін арттыру. Мұғалімдердің істеген жұмыстары туралы ауызша не жазбаша есебін тыңдау, жыл аяғында қорытып, әр мұғалімнің жұмысына баға беру.	Мектеп әкімшілігі	Әр топ
14	Мұғалімдер ұжымының ауыл өміріне және түрлі саяси науқандарға белсене қатысуын қамтамасыз ету.	Мектеп әкімшілігі	Желтоқсан
15	«Жыл мұғалімі» конкурсын ұйымдастыру.	Мектеп әкімшілігі	Желтоқсан
16	Аудан көлемінде өтілетін ашық сабақтарға мұғалімдердің қатысуын қамтамасыз ету	Абдраймов Т	Тұрақты
17	Мұғалімнің шеберлігін арттыру мақсатында ашық сабақтар өткізіп отыру	Абдраймов Т	Кесте бойынша

